

Ұлан ауданының Алмасай ауылдық округінің Алмасай ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Алмасай ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 13 маусымдағы № 4 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 маусымда № 3390 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Алмасай ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Алмасай ауылдық округі әкімінің 23.11.2015 № 5 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, Ұлан аудандық аумақтық ветеринариялық бақылау және қадағалау инспекциясы басшысының міндетін атқарушының 2014 жылғы 19 мамырдағы № 174 ұсынысының негізінде Алмасай ауылдық округі әкімі **ШЕШТІ:**

1. Ұлан ауданының Алмасай ауылдық округінің Алмасай ауылында ірі қара малдың арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Ұлан мал дәрігері" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты Алмасай ауылдық округі мал дәрігерлік бөлімшесінің меңгерушісі А. Аубакировка осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу ұсынылсын (келісім бойынша).

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК